

- 8 Kokanbayev S.Z. *Pedagogical bases of continuous education of teachers of a vocational education in the conditions of an educational complex «school-college-higher education institution»*, avtoref. Dis. ... dr. ped. Sciences, Almaty, 2007, p. 45.
- 9 Kusainov A.K. *Problem and prospects of continuous professional education in Kazakhstan: Materials of the international scientific-theoretical conference*, under edit. A.K.Kusainov, Astana: Euroasian humanitarian institute, 2009, p. 8–10.
- 10 Seyteshev A.P. *Scientific bases of formation of professionals*, Moscow: Vysshaya shkola, 1989, p. 21.
- 11 Shkutina L.A. *Creative component of training of the teacher of a vocational education* / L.A.Shkutina, S.A.Novoselov, V.V.Egorov, Kirov, 2001, p. 303.
- 12 *TSGA KAZSSR*, f. 206, op. 1, 246, l. 26.
- 13 *Materials XXVI of congress of CPSU*, Moscow: Politizdat, 1981, p. 181–182.
- 14 *Partarhiv Karaganda regional committee of party*, f.1, op.1, ed.khr.322, St. 52, l.15.
- 15 *State manpower reserves of the USSR*, Moscow: Trudrezervizdat, 1950, p. 66.
- 16 *KGOA*, f. 716, op. 1, ed.khr.330, p. 2.
- 17 *KGOA*, f. 716, op. 1, 672, St. 127, p. 48–49.

ӘОЖ 37.0(075.8)

С.Қ.Әбілдина, К.А.Айдарбекова, Ж.Б.Әсетова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*  
(E-mail: salta-7069@mail.ru)

### Отбасы тәрбиесінің педагогикалық аспектілері

Мақалада отбасылық тәрбиенің ерекшеліктері, баланы әлеуметтендіру факторы ретіндегі отбасылық қатынастардың сипаттамалары, отбасылық тәрбиенің мәнері, отбасылық тәрбиенің педагогикалық негіздері ашылып көрсетілген. Отбасы адам өзінің онымен байланысын бүкіл өмірінде сезініп өтетін, баланың қоршаған ортаға деген пікірі реттелетін, адамгершіліктің бастапқы сабақтарын алатын алғашқы тәрбие институты ретінде көрініс берген. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас, ата-ана беделі, бала тәрбиесіндегі ата-ана мен мектеп арасындағы байланыс мәселелері қарастырылған.

*Кілт сөздер:* отбасы, неке, әлеуметтік топ, отбасы құрылымы, қоғам, ата-ана, отбасының атқаратын функциялары, иерархия, нуклеарлық отбасы, аралас отбасы.

Президенттің «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы — мемлекеттігімізді, экономикамызды, халықаралық беделімізді одан ары өркендетудің ұлттық бағдарламасы. Жолдаудың «Әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері — әлеуметтік кепілдіктер мен жеке жауапкершілік» туралы негізгі үшінші тармағында көрсетілген «Ананы қорғау», «Әйелдерге қамқорлық», «Баланы қорғау» тарауларының басты мақсаты да ана мен бала құндылықтарын қорғауға арналған. Онда: «Біз әйел затына — анаға, жарға, қызға деген қапысыз құрметті қайта оралтуға тиіспіз. Ең алдымен, біз қыздарымыздың тәрбиесіне көп көңіл бөлуіміз керек. Олар — болашақ жар, болашақ ана, шаңырақтағы шырақшылары» деп атап көрсетілген. Елбасының: «Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім-жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады» деген сөзі отбасының Отан үшін құндылығын ерекше айқындағандай [1].

Отбасы дегеніміз — кішкентай ғана әлеуметтік-психологиялық топ, оның мүшелері некелік немесе туысқандық қатынастармен, ортақ тұрмыспен және өзара моральдық жауапкершілікпен байланысқан, ал ондағы әлеуметтік қажеттілік қоғамның халықты нақты және рухани өсіріп-өндіруге деген қажеттілігінен туындайды.

Үлкен энциклопедиялық сөздікте мынадай анықтама берілген: «Отбасы — некеге немесе туысқандыққа негізделген шағын топ, оның мүшелері өзара ортақ тұрмыспен, өзара көмекпен, моральдық және құқықтық жауапкершілікпен байланысқан» [2].

С.И.Ожеговтың «Орыс тілі сөздігінде» бұл ұғымға келесідей анықтама беріледі: «Отбасы — бірге тұратын жақын туысқандар тобы. Ортақ мүдделермен топтасқан адамдардың бірлестігі» [3].

Әлеуметтанушылық тұрғыда «отбасы» ұғымы, әдетте, ортақ өмір, ортақ мүдде, өзара қамқорлық сипатындағы адамдардың неке, туыстық, тәрбиелеуге балаларды отбасына қабылдауы арқылы құрылған одағы деп қабылданады [4].

И.В.Злобинаның «отбасы» ұғымына деген көзқарасы да назар аударарлық, ол: «Отбасы дегеніміз ерлі-зайыптылықты, туыстықты, туғандықты, бірге өмір сүруді, ортақ шаруашылық жүргізуді, бірлесіп тәрбиелеуді, асырап-сақтауды қамтитын күрделі құқықтық ахуал болып табылады», дейді [5].

Осылайша, отбасы келесідей төрт сипаттамасы бар күрделі құрылым болып табылады, ол қоғамның шағын әлеуметтік тобы; жеке тұрмысты ұйымдастырудың аса маңызды түрі; ерлі-зайыптылық одақ; ерлі-зайыптылардың туыстармен, яғни бірге тұратын және ортақ шаруашылық жүргізетін ата-аналармен, аға-інілермен, әпке-сіңлілермен, ата-әжелермен және басқа да туыскандармен, көпарапты қарым-қатынастары.

Отбасы «неке» ұғымымен тамырлас. Бұл ұғымдар ортақ болғанымен, олар синонимдер емес. Мысалы, орыс тіліндегі «брак» сөзі көне славяндарда «слюб» — салтанатты түрде уәде ету, «слюбитись» — яғни ортақ келісімге келу деген мағынаны білдіреді екен.

Неке (ерлі-зайыптылық) — ерлі-зайыптылардың арасында мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді туындататын, отбасын құру мақсатында Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген тәртіппен тараптардың еркін және толық келісімімен құрылған әйел мен еркектің арасындағы тең құқылы одақ [6].

Отбасының атқаратын функциялары дегенде осы қатынастар жүйесіндегі (отбасындағы) қандай да бір субъектінің ерекшеліктерінің көрініс беруі, қажеттіліктерді іске асыру жөніндегі белгілі бір әрекеттер деп түсіну керек.

Функция отбасылық топтың қоғаммен байланысын, оның қызметінің бағытын білдіреді. Алайда, функциялардың бір бөлігі өзгерістерге ұшырай қоймайды, яғни тұрақты қалпын сақтайды, бұл ретте оларды қалыптасқан немесе дәстүрлі деп атауға да болады. Олардың қатарына мына функциялар жатады [7]:

- репродуктивтік – өмірге бала әкелу, халықтың өсіп-өну функциясы;
- шаруашылық-экономикалық функция отбасының өмірі мен тұрмысын ұйымдастыру, отбасылық бюджетті қалыптастыру мен жұмсау мәселелерін қамтиды;
- генеративтік (латынша *regeneratio* — қайта түлеу, жаңару) функциясы белгілі бір мәртебені, ата-тегін, мүліктерді, әлеуметтік жағдайды мұрагерлікке алу дегенді білдіреді;
- оқу-тәрбие (әлеуметтену) функциясы — әкелік немесе аналық қажеттіліктерді қанағаттандыру, балалармен тығыз байланыста болу, оларды тәрбиелеу, балалардың өмірдегі өз орнын табуы;
- бастапқы әлеуметтік бақылау саласы — отбасы мүшелерінің өмірдегі әр түрлі салалардағы тәртібінің моральдық тұрғыдағы реттелуі, сонымен қатар ерлі-зайыптылардың, ата-ана мен баланың, аға және орта буын ұрпақтар арасындағы өзара қарым-қатынастардағы жауапкершілік пен міндеттердің реттелуі;
- рекреативтік (латынша *recreatio* – қалпына келтіру, жаңғырту) функция демалысқа, бос уақыт өткізуді ұйымдастыруға, отбасы мүшелерінің денсаулығы мен амандығы туралы қамқорлыққа байланысты;
- рухани қарым-қатынас функциясы отбасы мүшелерінің тұлға ретінде дамуын, рухани байлықты молайту дегенді білдіреді;
- әлеуметтік-мәртебелік функция – отбасы мүшелеріне белгілі бір әлеуметтік мәртебенің берілуі, әлеуметтік құрылымның өсіп-өнуі;
- психотерапевтік функция отбасы мүшелеріне өздерінің жақсы көру, құрметтеу, мойындау, эмоциялық қолдау, психологиялық көмек сияқты қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді;
- қалпына келтіру функциясы жұмыс күнінен кейін адамның күш-қайратын, психологиялық, эмоциялық және рухани қуатын қалпына келтіруге бағытталады;
- отбасының коммуникативтік функциялары – отбасының өз мүшелері мен бұқаралық ақпарат құралдарымен (теледидар, радио, мерзімді баспасөз), әдебиетпен және өнермен байланыстарына делдалдық етуі, отбасы ішінде бірлестіктер ұйымдастыру;
- бос уақытты өткізу функциясы бос уақыттың тиімді өткізілуін ұйымдастыруды жүзеге асырады және уақыт өткізу саласында бақылау жасайды, сонымен қатар жеке-дара тұлғаның бос уақытты өткізуге деген белгілі бір қажеттіліктерін қанағаттандырады;

– эмоционалдық функция эмоциялық қолдауға ие болуды, психологиялық көмек алуды, сондай-ақ жеке-дара тұлғаның эмоциялық тұрғыдан тұрақтануы мен оның психологиялық терапиясын білдіреді.

Отбасының құрылымы — отбасылық өзара әрекеттерді сипаттау кезінде қолданылатын негізгі ұғымдардың бірі. Отбасы құрамының, немесе құрылымының көптеген нұсқалары бар:

– «нуклеарлық отбасы» — күйеуі, әйелі және балаларынан тұрады;

– «толықтырылған отбасы» — өзінің құрамы жағынан ұлғайған одақ: бірге немесе бір-бірімен тығыз жақындықта тұратын және отбасының құрылымын түзетін ерлі-зайыпты жұп және олардың балалары, оған қоса алдыңғы буын ата-аналар, мысалы, әжелер, аталар, нағашы аға-әпкелер;

– «аралас отбасы» — ажырасқан адамдардан тұратын «қайта құрылған» отбасы болып табылады. Аралас отбасы бірге тұмаған ата-аналар мен бірге тұмаған балаларды қамтиды, өйткені бұрынғы некеден қалған балалар отбасының жаңа бірлігі болып енеді.

Ғалымдар түрлі көзқарастар мен ерекшеліктері бойынша отбасылардың 40-тан астам түрлері мен нысандарын анықтаған. Отбасының сипаттары келесідей.

Бірге тұратын және ортақ шаруашылық жүргізетін, балалар тәрбиелейтін отбасылық жұптардың саны мен сипаттамасы бойынша:

– кеңейтілген (күрделі) отбасы — бірге тұратын отбасылық жұптардан және ересек балалардан құралады;

– нуклеарлық (қарапайым) — бір ғана отбасылық жұптан тұрады, балалары болуы да мүмкін.

Ата-аналарының болу-болмауына қарай:

– толыққанды отбасы (отбасылық жұптың екеуі де бар);

– толық емес (балаларды ата-аналардың біреуі ғана тәрбиелейді).

Балалардың санына қарай:

– баласыз;

– бір балалы;

– балалары аз (екі бала);

– көпбалалы (үш немесе одан да көп бала).

Жас ұзақтығына қарай:

– жас жұбайлардың отбасы (жаңадан құрылған, ресімделген);

– жас отбасы (күтпеген қиындықтарға алғаш тап болған отбасы).

Билік иерархиясына қарай:

– патриархалдық немесе патерналдық (ер адамның үстемдігі);

– матриархалдық немесе материалдық (әйел үстемдігі);

– эквалиталық (екеуінің тең болуы).

Отбасындағы басшылыққа қарай:

– эгалитарлық (демократиялық) — айрықша өміршеңдікпен, өмірге құштарлықпен, мықты достық пен отбасылық қарым-қатынаспен ерекшеленеді;

– авторитарлық. Қатыгездік орнаған отбасы.

Өзара қарым-қатынастардың сапасы мен отбасындағы жағдайға қарай:

– қолайлы;

– тұрақты;

– тұрақсыз;

– берекесі кеткен.

Үй ішіндегі міндеттердің бөлінуіне қарай:

– дәстүрлі (міндеттерді негізінен әйелі атқарады);

– ұжымшылдық (міндеттерді біруақытта немесе кезектесіп атқарады).

Бос уақытты қалай өткізуіне қарай:

– ашық (ашық-жарқын араласуға және мәдени мекемелерге бағдарланған);

– жабық (үйде көңіл көтеруге бағдарланған).

Қоныстануына қарай:

– қалалық;

– ауылдық.

Отбасы — қоғамның ажырамас бөлігі әрі оның маңызын төмендету мүмкін емес. Отбасы болмайтын ешбір ұлт, ешбір сәл де болса өркениетті қоғам болған емес. Қоғамның алдағы келешегін де отбасысыз елестету мүмкін емес. Әр адам үшін отбасы дегеніміз — барлық бастаулардың бастауы. Адамдардың барлығы дерлік бақыт деген ұғымды, ең алдымен, отбасымен байланыстырады: бақытты адам – өз үйінде тұратын адам.

Тұлға отбасында қалыптасып дамиды, бала қоғамға қиындықсыз икемделуге қажетті әлеуметтік рольдерді меңгере бастайды. Отбасы алғашқы тәрбие институты ретінде көрініс береді, онымен байланысын адам өзінің бүкіл өмірінде сезініп өтеді, отбасында баланың қоршаған ортаға деген пікірі реттеледі, отбасында адамгершіліктің алғашқы сабақтарын алады.

Отбасы қоғамның даму барысына да ықпал ете алады. Қоғамның дамуындағы іргелі экономикалық, әлеуметтік, демографиялық процестер отбасының өмірінде анық байқалады.

«Отбасы өмірді неғұрлым толыққанды етеді, отбасы бақыт әкеледі, бірақ әрбір отбасы, әсіресе қоғам өмірінде орасан зор мемлекеттік маңызы бар үлкен іс болып табылады», — деген А.С.Макаренко [8].

Отбасы адамзаттың бүкіл тарихи болмысында құрған ең ұлы құндылықтарының бірі болып табылады. Ол өзіндік бір әлеуметтік институт, онда қоғамның немесе оның жекелеген мүшелерінің отбасының ролі мен мәнін білдіретін мүдделері біте қайнасып жатады.

Отбасы — мемлекеттің негізі, азаматтың моралі мен құқығы көрініс тапқан бастауыш ұйым.

Ең мықты және қалыптасқан деген мемлекеттің өзі, егер отбасылық өмір мен тәрбиенің берік орнаған тәртібі болмаса, дағдарысқа ұшырап, ақыр аяғында құрдымға кетеді, егер отбасы берік болып, тәрбие дұрыс жолға қойылған болса, онда мемлекеттік өмірдің сырттан күйреуі кездерінде де халық өмір сүруге қабілеттілігін сақтай отырып, мемлекеттің күш-қуаты мен бірлігін қалпына келтіре алады.

Мемлекет отбасының нығаюына, оның сақталуына, оң дамуына мүдделі.

Функциялары біршама өзгергеніне қарамастан, ата-ананың балаға деген махаббаты адаммен өмір бойы бірге болады. Өмірдің алғашқы жылдарында ол баланың өмірі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Ата-ана махаббатына зәрулік — кішкентай адамның өміріне өте маңызды қажеттілік екені ақиқат. Бірақ есейген сайын ата-ана махаббаты баланың ішкі, эмоциялық және психологиялық әлеміне қолдау жасау мен сақтау функцияларын көбірек атқарады. Ғалымдар ата-ана махаббатына бірауыздан былай деп анықтама береді: ол — адамның эмоционалдық тұрақтылығының, денсаулығы мен рухани саулығының қайнар көзі мен кепілі.

Ата-ана махаббатында әр түрлі ауытқулар да болуы мүмкін, кейде ол тіпті қым-қиғаш түрге енеді. Мұндай жағдайларда оны ессіз, көзсіз махаббат деп атайды, ол табиғаты бөлек болғандықтан, мөлшерден тыс, асыра сілтеушілікке ұласады, бұл туралы чех психологы З.Матейчик бейнелі түрде «ата-ана эгоизмінің басымдығы» деп айтқан. Мұндай отбасыларда баланың құндылығы оның роліне қарай бағаланады («отбасының сәні», «қиқар бала» және т.с.с.).

Бақытты отбасы — баланың эмоциялық дамуына қолайлы жағдай тудырады. Бірақ сезімдерді тәрбиелеу өздігінен келмейді, қандай да бір тәрбие сияқты ол да қыруар күш жұмсауды қажет етеді. «Сезінуді үйрету дегенің тәрбиедегі қиынның ең қиыны», — деп жазды В.А.Сухомлинский. Ол отбасында баланың сезімталдығын тәрбиелеудің мынадай жолдарын ұсынады:

– балаларды игілікті істерге өзгеге деген құрмет, жанашырлық, сүйіспеншілік арқылы тарту (жақын адамдарға деген қамқорлық, олар үшін толқу, алаңдау);

– басқа адамдарға, әсіресе көңілге зәру адамдарға — кішкентайларға, қарияларға деген жүректің сезімталдығын дамыту («Ол бүгін көп жылады. Неге? Сен барып себебін білдің бе? Көмектестің бе?», «Бүгін әже сүйікті киносын неге көрмей жатыр? Мүмкін, ол өзін нашар сезініп отырған шығар?»);

– баланың ішкі эмоциялық әлемін байыта түсу үшін өнер туындыларын, табиғатты пайдалану [9].

Сүйіспеншіліктің түпкі негізінде белгілі бір нысанға бағытталушылық жатыр: ата-аналар өз баласына деген сүйіспеншіліктің арқасында оның алаңсыз өсіп-өнуі турасындағы қамқорлықты күнделікті бағып-қағу, күтім жасау арқылы іске асырады (шомылдыру, тамақ әзірлеу, кітап оқып беру, серуенге шығару, ойнату және т.б.). Егер ата-ана баласына енжар қараса, ол, ең алдымен, олардың қимылсыздығынан мезі болады: бұнымен ешкім шұғылданбайды, күтім болмағандықтан, кейпі де сүйкімсіз. Өкенің немесе шешенің жүрегінде бола тұрса да ешқандай әрекет арқылы көрініс бермеген сезім ешкімді бақытты ете алмайды, керісінше, мұндайда бала өзін «ешкімге керек емеспін» деп сезініп, жаны қиналады.

Баланың өмірінде болып жатқан әр нәрсеге болсын, баланың түкке тұрғысыз болса да проблемаларына ата-ана тарапынан шынайы алаңдаушылық сезіліп тұратын болса — міне, ата-ананың балаға деген махаббатының көрінісі осы болмақ. Осы махаббаттың негізінде адамгершілікке тәрбиелеуге болады. Сүйіспеншілік қана сүйіспеншілікке үйрете алады.

Отбасы да өзге әлеуметтік институттар сияқты дәстүрлерді сақтап, түлете отырып, қызметтің белгілі бір үлгілерін ұстана отырып сақталып келеді, онсыз отбасының дамуы да мүмкін емес.

Ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан дәстүрлер заман ағымына бейімделіп, өзгеріп отырады. Өзгермейтіні олардың адами қоғамдағы маңызы: олар адамның жеке әлеуметтік маңызы бар — жақын адамға деген махаббат, мейірім, қайғыны бөлісу, өзара түсіністік, көмек қолын созу сияқты қасиеттерін сіңіру тетігі ретінде әсер ететін отбасылық-туыстық байланыстар мен қарым-қатынастарды нығайтуға қызмет етеді.

Отбасылық дәстүрлер дегеніміз — отбасында әдеттегідей қалыптасқан, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын өлшемдер, тәртіп мәнерлері, салттар мен пікірлер. Бір жағынан, отбасылық дәстүрлер мен рәсімдер салауатты (В.Сатирдің айтуынша) немесе функционалдық (Э.Г.Эйдемиллердің айтуынша) отбасының белгілері болып табылады. Екінші жағынан, отбасылық дәстүрлердің болуы отбасының келер ұрпақтарына отбасылық өмірдің барлық салаларында рольдердің бөлінуі, отбасы шегіндегі араласу, оның ішінде кикілжіндерді шешу, қиындықтарды еңсеру ережелері сияқты отбасының ішкі өзара әрекеттестіктерінің қағидаларын жеткізудің аса маңызды тетіктерінің бірі болып табылады.

Отбасылық дәстүрлер қоғамдық, діни және тарихи салт-дәстүрлерге негізделеді, сөйте тұрса да, олар түрленіп, толықтырылып отырады, сондықтан да әр отбасы үшін ерекше, бірегей болып келеді.

Отбасылық тәрбиенің проблемалары негізінде бала мен ата-ананың арасындағы түсініспеушіліктен құралады. Балалар (жасөспірімдер) қалауы барған сайын арта түседі, ал ата-ана оған рұқсат бере қоймайды, балалар бұған ашу шақырады, кикілжіндер басталады. Отбасылық тәрбие балаға деген махаббаттан бастау алады. Егер бұл құбылыс анық байқалмаса немесе мүлдем сезілмейтін болса, онда бұл отбасында ерте ме кеш пе, проблемалар туындайтыны анық.

Отбасыларда бақылаусыздық, қадағалаусыздық жиі кездесіп жатады. Бұл ата-аналардың қолы жұмыстан босамай, балаларға көңіл аударарлық уақыт болмайтын кездерде орын алады. Ақырында балалар өздерімен өздері қалып, көше кезіп жүреді де, жағымсыз орталарға түседі.

Кейде, керісінше, бала шамадан тыс қорғаштауда болады, бұл гиперқорғаштау деп аталады. Мұндай баланың өмірі әрдайым бақылауда болады, ол өзінің қалауындағысын жасай алмай, әрқашан да әлденені күтумен жүреді, сөйте тұра бұйрықтан жасқанады. Нәтижесінде оның жүйкесі сыр беріп, өз-өзіне сенімсіздік пайда болады. Осының бәрі, ақыр аяғында, жүйке ауытқуларына апарып соғады. Баланың жан-дүниесінде реніш пен ыза жинақтала береді де, ақыр соңында, бала өз үйінен безіп кетуі де мүмкін. Мұндай балалар саналы түрде тыйым-шектеулерді қасақана бұзуға әуес бола бастайды.

Кейде бала ойына не келсе соны істеу үлгісінде тәрбиеленетін жағдайлар болады. Мұндай балаларға не істесе де рұқсат, оған маңайдағының барлығы дән риза, ол әрдайым басты назарда болуға әдеттенеді, ол не қаласа да орындалады. Бұл бала есейгенде өз мүмкіндіктерін дұрыс бағамдай алмайтын болады. Мұндайларды, әдетте, ешкім ұнатпайды, онымен араласудан аулақ болуға тырысады, оны ешкім түсінбейді.

Кейбір ата-аналар балаларын эмоциялық алшақтық пен салқындық жағдайында тәрбиелейді. Бала өз ата-анасының (немесе олардың біреуі) бұны ұнатпайтынын сезінеді. Бұл оның жанын жегідей жейді. Ал, отбасындағылардың біреуін бұған қарағанда жақсырақ көретін болса (бала бұны да анық сезеді), бұл балаға анағұрлым ауыр әсер етеді. Мұндай отбасылардан шыққан балалар жүйкесі жұқа, ашушаң болып өсуі мүмкін.

Кез келген ұсақ-түйек үшін жазалайтын, баланы қатаң тәрбиелейтін отбасылар да болады. Оларда өскен балалар әрқашан қорқынышпен өседі.

Баланы көтеріңкі моральдық жауапкершілік тұрғысынан тәрбиелейтін отбасылар да болады. Ата-аналары баланың санасына әке-шешенің артып отырған шексіз үміттерін ақтауға міндетті екендігі, сонымен қатар оған бала ретінде де көптеген ауыр міндеттер жүктелгенін құюмен болады. Осының салдарынан келе-келе баланың бойына қорқыныш ұялап, өзі мен жақын туыстарының денсаулығына алаңдаушылықтан арыла алмайтын болады. Дұрыс тәрбиелемеу баланың мінезін бүлдіреді, оның жүйкесінің сыр беруіне жетелейді, оның маңайындағылармен қарым-қатынасы қиындай түседі.

Көбіне отбасы тәрбиесінің проблемаларына ата-аналардың өздері себеп болып жатады. Мысалы, ата-ананың жеке басының проблемаларын бала арқылы шешу. Бұл жағдайда, тәрбиенің бұзылуының түп-тамырында қайсыбір, көбіне ақылға сыймайтын қажеттілік жатады. Нақ осы қажеттілікті ата-ана бала тәрбиесінің есебінен қанағаттандыруға ұмтылыс жасайды. Мұндайда ата-анаға оның дұрыс еместігін түсіндіру және тәрбиелеу мәнерін өзгертуге талпыныс жасау көбіне еш нәтиже бермейді. Бұл да бала мен ата-ананың арасындағы проблемаларды туындатады.

Қазіргі замандағы отбасылық тәрбие ойшылдық педагогика принциптеріне негізделген:

- креативтілік – балалардың қабілеттерінің еркін дамуы;
- гуманизм (ойшылдық) — жеке тұлғаны абсолютті құндылық ретінде тану;
- демократизм — үлкендер мен балалардың арасындағы тең құқылы рухани қарым-қатынастарды орнату;

- азаматтылық – қоғамдық-мемлекеттік жүйеде өз орныңды сезіну;
- ретроспективтілік — тәрбиені халықтық педагогика негізінде жүзеге асыру;
- жалпыадамшылық, адамгершілік нормалар мен құндылықтардың басымдылығы.

Отбасылық тәрбие проблемаларын зерттеушілер (Т.А.Куликова, В.В.Чечет және тағы басқалар) отбасылық тәрбиенің принциптерін анықтаған:

- балаға гумандық тұрғысынан қарау;
- балаға көмек көрсету, оның жан-жақты дамуы үшін жағдай жасауға әзір болу;
- баланы отбасының өмір тіршілігіне тең құқылы қатысушы ретінде тарту;
- отбасылық тәрбиенің әлеуметтік бағдарлануы;
- келешекке деген сенімділік, отбасындағы қарым-қатынастардың ашықтығы мен сенімділігі;
- ата-ананың балаға қоятын талаптарының кезеңділігі және келісімділігі;
- баланы күшпен жазалауға, моральдық тұрғыдан намысын таптайтын жазалауға жол бермеушілік.

Қазіргі замандағы отбасылық тәрбиенің аса маңызды принциптеріне мыналарды жатқызуға болады:

- белгілі бір мақсатқа ұмтылушылық принципі;
- ғылыми принцип;
- гумандылық (ойшылдық) принципі.

Отбасылық тәрбиенің түрлері:

- «детоцентризм» баланы басты назарға қоюшылық — әсіресе отбасында бір ғана бала болғанда, баланы шамадан тыс өбектеу. Мұндай баладан көбіне өзімшіл, іс жүзіндегі өмірге икемделмеген адам өсіп шығады;
- кәсіпқойлық — ата-аналар бала тәрбиесі жөніндегі ауыртпашылықтың барлығын балабақшаларға, мектептерге, лицейлерге, колледждерге артып қояды. Келешекте ондай бала суық, ата-анаға, үлкендерге деген қайырымдылықтан ада болып өседі;
- прагматизм — тәрбиенің бар мәні өмір сүре білу, материалдық пайда табу сияқты қасиеттерді қалыптастыруға бағытталады.

Баланы отбасында тәрбиелеу мәнерлерінің жіктелуі төмендегідей түрде болады.

Г.Крайг ата-аналық бақылау және ата-ананың жылуы сияқты отбасындағы балаға ықпал етудің екі факторына сүйене отырып, ата-аналардың мінез-құлықтарының толық жіктелуін жасап шыққан:

- беделді үлгі;
- либералдық үлгі (бақылау деңгейі төмен, жылы қарым-қатынастар);
- индифферентті үлгі балалардың тәртібін бақылау деңгейінің төмендігімен және олармен қарым-қатынастардағы жүрек жылуының жоқтығымен ерекшеленеді.

Э.Г.Эйдемиллер мен В.Юстицкис отбасылық қатынастардың жекелеген үлгілерін зерттеген:

- икемделушілік гиперпротекция;
- басымдылық гиперпротекция;
- катал қараушылық;
- эмоционалдық қабылдамаушылық;
- көтеріңкі моральдық жауапкершілік;
- қадағалаусыздық.

Педагогикада А.В.Петровский жасаған жіктеме кеңінен тараған [10]. Ол отбасылық тәрбиенің төрт тактикасын бөліп көрсетеді:

1. Үстемдік (диктат).
2. Қамқоршылық.
3. Татулықта болу.
4. Бірлесіп еңбек ету.

Қарым-қатынастың «Ана – бала» жіктемесін С.Броди ұсынады:

- қолдаушылық, рұқсат етушілік тәртіптер;
- баланың қажеттіліктеріне икемделу;
- парызды сезіну және балаға деген қызығушылықтың болмауы.
- ретсіз тәртіп.

Тәрбие практикасында үлкен адам мен баланың арасындағы өзара әрекеттесудің үлгілері анықталған: авторитарлық; демократиялық; либералдық (бетімен кетушілік).

Қазіргі ата-аналар көбіне баламен қарым-қатынастың демократиялық моделіне бейім болып келеді.

Адамдардың отбасындағы қарым-қатынастары түрлерін С.В.Ковалев қарастырған: бірлесе еңбек ету; ерлі-зайыптылардың тең әрекеттенушігі; ерлі-зайыптылардың жарыса әрекет етуі; ерлі-зайыптылардың бәсекелестігі; ерлі-зайыптылардың антагонизмі; агрессия [10].

М.И.Буянов отбасылық тәрбиенің мынадай кемшіліктерін бөліп көрсетеді: орыс ертегісіндегі «Золушканың» үлгісі бойынша тәрбиелеу, гиперқамқорлық (гиперпротекция), гипоқамқорлық (гипопротекционизм), бетімен жіберу.

Л.Д.Столяренко «қате тәрбиенің» келесі түрлерін қарастырған: қадағалаусыздық, бақылаусыздық, гиперқамқорлық, орыс ертегісіндегі «Золушканың» үлгісі бойынша тәрбиелеу, қатал тәрбие — болмашы нәрсе үшін балаға қатал жаза қолдану және баланың үнемі үрейде өсуі.

Бала өмірдің алғашқы сабақтарын отбасында алады. Оның ең алғаш ұстаздары мен тәрбиешілері әке мен шеше. Бала үшін отбасындағы күнделікті қуанышты сәттер мен реніштер, сәттіліктер мен сәтсіздіктер — мейірімділік пен сезімталдықты, адамдарға деген қайырымдылық сезімдерін қалыптастыратын бастаулар болып табылатыны ежелден-ақ дәлелденген. Отбасында баланың бойында адалдық пен зұлымдық, адамгершілік өлшемдері, еңбекке бейімділіктің бастапқы сабақтары туралы алғашқы ұғымдар қалыптасады. Өмірлік жоспарлар мен адамның идеалдары да дәл осы отбасында қалыптасады.

Баланың тұлғасын қалыптастыруда мектепке дейінгі мекемелер мен мектеп, лагерь, еңбек отрядтары, кітаптар, театр, ғаламтор, кино және теледидар, өмірдің жалпы құрылымы белсенді роль атқарады.

Солай болғанымен, отбасының ықпалының орны бөлек, ол баланың алғаш басқан қадамдарынан бастау алады. Сондықтан да ата-ананың адамгершілік мәдениетінің деңгейі, олардың сенім-түйсігі, өмірлік жоспарлары мен мақсаттары, әлеуметтік қарым-қатынас тәжірибесі, отбасылық дәстүрлер мен мінез-құлық нормалары, бір сөзбен айтқанда, отбасындағы атмосфера баланың тәрбиесінде шешуші маңызға ие.

Білім мен тәрбие беру нәтижесінің қажеттігін педагогтар мен ата-аналардың бірдей түсінуі, ата-аналармен өзара әрекеттестікте болу келесі бағыттарда жүзеге асырылады: балалардың денсаулығы және тұлғаны қалыптастыру мәселелері бойынша ата-аналардың барлық санаттарымен профилактикалық, түсіндіру жұмыстары және жеке-жеке тәрбиелік жұмыстар. Проблемалық отбасыларды анықтау. Педагогикалық көмек көрсету. Балалардың құқықтарын қорғау.

Жалпы білім беретін мектептің негізгі бағыттары педагогтардың отбасыға көмек көрсетуін күшейтуге, отбасының жеткіншек ұрпақты тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыруға, ата-аналарды оқушылармен тәрбие жұмыстарын жүргізу ісіне кеңінен тартуға бағдарланған.

«Қазіргі замандағы мектеп пен отбасының байланысы бұрынғы замандағы сияқты бастама атаулының барлығы мектептен бастау алып, ата-аналар мен оқушыларға не істеу керектігін мектеп бұйырып отыратындай, бір ғана бағытты ұстанбау керек екенін жақсы түсінеді. Қазіргі мұғалімдер ата-аналардың көмегіне, әралуан деңгейлердегі өзара әрекеттестікке жүгінбей тұра алмайды» — бұл осы мәселе бойынша даниялық педагог Эйгил Кьяэргард пен литвалық педагог Рима Мартинененің айтқаны.

Бұл ойды ресейлік педагог И.П.Подласый былай өрбітеді: «Қазіргі мектептер отбасындағы және мектептегі тәрбиені қоян-қолтық жүргізуге көшті, «отбасы — мектеп» кешендері қалыптасуда». Мұндай кешендердің басты ұстанымы мектептің қызметіндегі барлық бағыттардың ата-аналар назарынан тыс қалмауын қамтамасыз ету болып табылады.

Мұғалім ата-аналармен және жұртшылықпен байланыс орната отырып, келесі мәселелерді шешеді:

- Оқушының отбасын танып білу.
- Оқушының тұлғасына әсер ететін әлеуметтік ортаны жүйелі түрде зерделеу.
- Балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі мектеп пен отбасының бірлескен педагогикалық қызметін ұйымдастыру.
- Ата-аналарға баланы үйде тәрбиелеуге көмектесу.
- Ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттыруды ұйымдастыру.
- Отбасының балаға кері әсерін болдырмау.

Мұғалімнің ата-аналармен жұмысының нысандары әрқилы болып келеді:

- жеке: оқушылардың үйіне, отбасыларына бару, ата-аналармен мектепте әңгімелесу, ата-аналардың мектепке келіп кеңес алу күндері;
- топтық: ата-аналар өздерінің білімдеріне, педагогикалық мәдениетіне, балаларының үлгерімі мен тәртібінің көрсеткіштеріне қарай топтарға біріге алады. Сабақ кездерінде мұғалім мен ата-аналардың бірлесе жұмыс істеуі, бұл ретте ата-аналар мұғалімнің сабақты өткізуіне көмектеседі; белсенділермен, ата-аналар комитетімен жұмыс жүргізу;
- ұжымдық: сынып жиналыстары, жалпымектептік ата-аналар жиналысы, тәрбие тәжірибесімен алмасу жөніндегі ата-аналар конференциялары, кеңесу, сұрақ-жауап кештері, сыныптан тыс бірлесіп өткізетін шаралар т.с.с.;
- мектептің отбасымен жүргізетін жұмыстарының барлық түрлерінің мазмұны белсенді түрде тәрбиелеу және бірлесіп жұмыс істеу болып табылады, бұл жұмыстардың барлығы да жеткіншек ұрпақты жан-жақты дамытуға бағытталады.

Педагогикалық ағартушылықтың келесі түрлерін ерекше бөліп атауға болады:

- дәстүрлі: ата-аналар жиналысы, дәрістер, сұрақ-жауап кештері, диспуттар «ашық есіктер» күндері;
- дәстүрлі емес: іскерлік ойындар, реттелген пікірталастар.

В.А.Сухомлинский: «Тәрбие сәтті болуы үшін отбасы мен мұғалімнің арасындағы қарым-қатынастар қандай негіздерге сәйкес болуы керек?» — деген сұраққа жауап бергенде, балаларды жөнге салу мақсатындағы ата-аналарды мектепке шақыртулар неғұрлым аз болуы керек, бала мен ата-ананың арасындағы рухани сырласу неғұрлым көп болуы тиіс, осының өзі әке мен шешеге қуаныш сыйлайды», — деген [7].

Ата-аналармен өзара байланыс келесі реттерде нығая түседі:

- мұғалім ата-анаға олардың өзінен де талап етілетін жайларды жеткізге тырысады (олардың проблемаларын мұқият тыңдайды, бөліседі, түсіністік білдіріп, олардың балаларына жылышырай танытады);
- мұғалім ата-аналар мектепке баланың көзімен қарауы керек екенін естен шығармайды (алдымен балалармен байланыс орнатады, кейін олардың ата-аналарымен);
- бала тәрбиелеудің жекелеген тұстарында ата-ананың мүмкіндіктерін аша түсуге ұмтылыс жасайды;
- мұғалім ата-анаға жөн сілтеуге, олардың балаларына дауыс көтеруге мүлдем болмайтын естен шығармайды;
- мұғалім баланың жүрегіндегі мейірімділік жеңіп шығатынына үміт артады;
- мұғалім өзінің жинақтаған педагогикалық тәжірибесімен бөліседі т.с.с.

1–2 сынып оқушыларының ата-аналары үшін тәрбиелеу белсенділігі және мектеппен өзара қарым-қатынастың анағұрлым жоғары деңгейі тән болып келеді. Олар мектепке жиі-жиі келіп, баласының үлгерімін қадағалап жүреді. Осы алаңдаушылықты мұғалім де түсініп, оларға неғұрлым көбірек ақпарат беруге міндетті.

Мектеп пен ата-ана арасындағы қарым-қатынастың маңызды аспектілері:

1. Әңгімені балаларға қатысты проблемалардан емес, ортақ жағымды мәселелерден бастап, проблеманы шешуге асықпау керек.
2. Ата-аналарға назар аударып, олардың жұмысы, үйдегі жағдайы туралы сұрастыру.
3. Мектепке, мұғалімге, балаларға байланысты туындайтын эмоцияларды талқылау.
4. Ата-аналардың айтқандарын мұқият тыңдау, олардың пікірін сынға алмай, керісінше, олардың бұлай ойлауының себебін түсінуге тырысу.

5. Ортақ мақсат-мүдделер жөнінде келісімге келіп, ата-аналар жиналысында барлығы үшін маңызды мәселелер туралы сөз қозғау.

6. Қанша қажет болса, сонша уақыт бөлу.

7. Өз аргументтеріңізді негіздей біліңіз: айтып отырғаныңыз барлығымыз үшін маңызды, оны көпшілік қолдап отыр.

8. Ата-аналарға хабар бергенде тікелей өзіңіз, хат-хабар арқылы немесе жеке әңгімелесу арқылы білдіріңіз. Ата-аналарға арналған ақпаратты балалар арқылы жолдамаңыз».

Педагогикалық әдебиеттерді талдау нәтижесінде келесі қорытындылар жасауға болады:

– Отбасылық тәрбие баланың тұлғасын қалыптастыру мен тәрбиелеуде айтарлықтай рөл атқарады, сондықтан отбасылық тәрбиеге ата-аналар ғана емес, сонымен қатар осы ата-аналармен жұмыс істейін мұғалімдер де назар аударуы тиіс. Отбасылардың тұрмысындағы қиындықтар баланың мектептегі сабағы мен тәрбиесіне де ықпал етеді.

– 6–8 жас аралығындағы балалардың бойында олардың өздеріне ғана тән психологиялық және физиологиялық ерекшеліктер болады. Олар мектепке оңайлықпен үйренісе алмайды. Мұғалім мен ата-ананың міндеті — осы жағдайды барынша жеңілдету.

– Мектеп пен отбасы баланы оқыту мен тәрбиелеуде бір ғана ортақ мақсатқа ұмтылады, сондықтан олар бірлесе жұмыс істеуі керек. Әр баланың қабілеттерін мектепте де одан тыс жерде де дамытқымыз келсе, онда мектеп пен ата-ананың арасындағы өзара байланыс міндетті түрде болуы шарт. Мұғалім мектеп пен отбасының арасындағы байланыстырушы буын болып табылады.

– 1–2 сыныптарда ата-аналармен жұмыс жүргізгенде мұғалім балалардың жеке ерекшеліктеріне, әр отбасындағы ата-аналар мен балалардың қарым-қатынастарына, сыныптағы оқушылар мен мұғалімнің арасында, балалар мен ата-аналардың арасында қалыптасқан психологиялық ахуалға көңіл аударуы қажет. Бірінші сыныпта, бастапқы кезеңде қалыптасқан байланыстар мен қарым-қатынастарға алдағы бар жұмыстың нәтижесі байланысты болады.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://www.inform.kz/kaz/article/2518877>
- 2 Большой энциклопедический словарь / Под ред. А.М.Прохорова. — М.: Просвещение, 1997. — 1082 с.
- 3 *Ожегов С.И.* Словарь русского языка. — М.: Изд-во «Азъ», 1992.
- 4 Мысли и высказывания знаменитых людей о семье и браке, матери и материнстве, отцах и отцовстве, о семейном воспитании. — [ЭР]. Режим доступа: <http://vscolu.ru/articles/vyskazyvaniya-znamenitix-lyudej-o-seme.html>
- 5 *Баймуканова М.Т.* Социально-педагогическая работа с семьей: Учеб. пособие. — Караганда: Изд-во КарГУ, 2004. — 115 с.
- 6 Қазақстан Республикасының Конституциясы. — Алматы: Жеті жарғы, 1999. — 96 б.
- 7 *Сухомлинский В.А.* Родительская педагогика. — Новосибирск: Зап.-Сиб. кн. изд-во, 1985. — 224 с.
- 8 *Лесгафт П.Ф.* Семейное воспитание ребенка и его значение: Учеб. пособие. — М.: Просвещение, 1992. — 200 с.
- 9 *Сысенко В.А.* Супружеские конфликты. — М.: Мысль, 1989. — 173 с.
- 10 От Я до Мы: Азбука семейной жизни / Сост. С.В.Ковалев. — М.: Педагогика, 1989. — 336 с.

С.К.Абильдина, К.А.Айдарбекова, Ж.Б.Асетова

#### Педагогические аспекты семейного воспитания

В статье раскрыты особенности семейного воспитания, дана характеристика семейных отношений как фактора социализации детей, освещены стили семейного воспитания, его педагогические основы. Семья рассматривается как первый институт воспитания, формирующий у ребенка мнение об окружающем мире, дающий ему первые уроки жизни. Отмечено, что человек чувствует связь с семьей на протяжении всей жизни. Описываются проблемы отношения между родителями и детьми, авторитета родителей, связи родителей и школы в воспитании детей.

S.K.Abil'dina, K.A.Aiydarbekova, Z.B.Asetova

**Pedagogical aspects of family education**

The article reveals peculiarities of family education, it provides characteristic of family relationships as a factor in the children's socialization, shows styles of family education and pedagogical bases of family education. The family is considered as the first institute of education, which forms in a child the opinions about the world, gives him first life lessons and with which a person feels a connection throughout the life. The problems of the relationships between parents and children, parental authority, relation of parents and school in educating the children are described.

## References

- 1 *The message of the president of the Republic of Kazakhstan N.A.Nazarbayev's — «Kazakhstan-2050» Strategy: of new direction of formed republic» named the Message to the nation of Kazakhstan*, <http://www.inform.kz/kaz/article/2518877>
- 2 *Great Encyclopedic Dictionary* / Ed. A.M.Prokhorov, Moscow: Prosveshcheniye, 1997, 1082 p.
- 3 Ozhegov S.I. *Dictionary of Russian language*, Moscow: Publishing «Az», 1992.
- 4 *Thoughts and sayings of famous people about family and marriage, mothers and motherhood, fathers and fatherhood, family education*, <http://vscolu.ru/articles/vyskazyvaniya-znamenityx-lyudej-o-seme.html>
- 5 Baiymukanova M.T. *Socio-pedagogical work with the family*: Tutorial, Karaganda: Publishing KSU, 2004, 115 p.
- 6 *Constitution of the Republic of Kazakhstan*, Almaty: Zheti zhargy, 1999, 96 p.
- 7 Sukhomlinski V.A. *Parent pedagogy*, Novosibirsk: West Siberian Publ. House, 1985, p. 224.
- 8 Lesgapht P.F. *Family education of the child and its significance*: Tutorial, Moscow: Prosveshcheniye, 1992, 200 p.
- 9 Sysenko V.A. *Marital conflicts*, Moscow: Mysl, 1989, 173 p.
- 10 *From me to we: The ABCs of family life* / Composer S.V.Kovalev, Moscow: Pedagogics, 1989, 336 p.

ӘОЖ 37.018.1: 37.013

Р.М.Айтжанова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*  
(E-mail: [rozaaitzhanova@mail.ru](mailto:rozaaitzhanova@mail.ru))

### **VIII–XVIII ғасырлардағы отбасы тәрбиесіне қатысты тағылымдық мұралардың студенттерді отбасылық өмірге дайындаудағы ролі**

Мақалада тарихта аты қалған Білге, Күлтегін, Тоныкөк сықылды батырлар мен IX ғасырдағы түркі халқының ұлы ойшылдарының еңбектеріндегі отбасы педагогикасының ғұмырлық маңызы, отбасындағы қыз бала мен ер бала тәрбиесіне жауапты ата-ананың ролі, қазакқа мұра болып қалыптасқан діл, тектілік, ұлттық рух, дін, ұлттық мінез-құлық, балаға өмір бойы азық болатын тәрбиенің қайнар көзі отбасындағы тәрбие, отбасы өмірінің материалдық және рухани құндылықтары туралы білім беру мәселелері жан-жақты қарастырылған.

*Кілт сөздер*: өсиет, тектілік, тағылымдық халық мұрасы, жұбайлық өмірге даярлау, отбасы тәрбиесі, ер бала тәрбиесі, қыз бала тәрбиесі, ар-намыс, тарихи мұра, лауазымды атаулар, мұсылмандық талап.

Әр заманның өзіне тән әлеуметтік-педагогикалық ұрпақ тәрбиелеу мүмкіндігі болды. Оны ешкім жоққа шығармақ емес. Әркім өз баласына жеке тәрбие беруі отбасында орын алғанымен, халық болып қалыптасқан ділінде ұрпақ қамын көп болып ойлау және соған әрекет ету болды. «Қызға қырық үйден тыю, ұлға отыз үйден тыю» қағидасы тегіннен тегін шықпағаны белгілі. Аузы дуалы абыз, сөзі өтімді шешен, данышпан-даналардың өзі әрқайсысы бір мектеп ролін атқарды. Тындаған жан сөзін өміріне, тәрбиеге үлгі етті. Сол сияқты заманында тағылымды ойымен артына із қалдырған тарихта өткен «дала педагогтарының» мұраларына ғылыми шолу жасағанды жөн көрдік.